

Бұлан ауылы

Бұлан – Сырым ауданы, Бұлан ауылдық округі орталығының атауы. Бұлан ауылының атауы ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген Байбақты руының биі болған Бұлан Қараұлының есіміне байланысты пайда болған. Бұлан бабаның есімінің өз тарихы бар. Бұлан – табиғаты көркем, суы мол, орманды жерді мекен ететін әдемі жануар. Аңыз бойынша осыдан 300жыл бұрын қыс мезгілінде бір үйір бұлан осы жерге келіп, қыстан шыққан деседі. Сол қыста дүниеге келген нәрестенің атын Бұлан қойыпты- мыс. Бұлан тек ру басы, би ғана болмаған, сонымен қатар шешен адам болған. 1783-1797 жылдары болған, Сырым батыр бастаған ұлт- азаттық көтеріліске белсене араласқан. Жерлес жазушы Жәрдем Тілеков 1945 жылы жазған «Сырым батыр» туралы тарихи дастанында Бұлан би туралы жақсы жырлаған.